

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттері үшін өзара мүдделі саналатын құрылыс жобаларының мемлекетаралық сараптамасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 519

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылдың 13 қаңтарында Саратов қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттері үшін өзара мүдделі саналатын құрылыс жобаларының мемлекетаралық сараптамасы туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттері үшін өзара мүдделі саналатын құрылыс
жобаларының мемлекетаралық сараптамасы туралы
Келісім

ресми расталған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерді білдіретін үкіметтер,

Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы интеграциялық процестерге аса мән бере отырып,

1993 жылғы 24 желтоқсандағы Инвестициялық саясат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің, 1997 жылғы 28 наурыздағы Инвестордың құқықтарын қорғау туралы конвенция, 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Құрылыстық қызметтегі ынтымақтастық туралы келісімнің және 1997 жылғы 9 қыркүйектегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының экономикалық интеграциялық даму тұжырымдамасы

ережелерінен шыға отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мына терминдер мыналарды білдіреді:

мемлекеттік сараптама құрылыс жобаларының Тараптар заңдарының талаптарына, азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсанның алдын алу жағдайларына сәйкестігін белгілеу мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және табиғат қорғаушылық саясаттың сақталуы үшін инвестициялық процесті мемлекеттік реттеу кезеңі;

мемлекетаралық сараптама белгіленген құрылыс жобаларының Тараптардың нормативтік және құқықтық актілерінде ескерілген шарттар мен талаптарға сәйкестігін белгілеу мақсатында объектінің қаржыландыру көздеріне, меншік нысанына және тиесілілігіне қарамастан екі және одан да көп Тараптар үшін мүдделі саналатын объектіні жасауда инвестициялық процесті мемлекеттік реттеу кезеңі, сараптау объектісін іске асыру кезінде мүдделі Тараптар үшін мүмкін нұқсанды анықтау және алдын алуға қажетті шаралар қолдану;

құрылыс жобасы (сараптау объектісі) - екі және одан да көп Тараптар үшін мүдделі саналатын объектіні жобалау және салумен байланысты инвестицияларды негіздеу, техникалық-экономикалық негіздеу, жоба және құжаттамалардың басқа да түрлерін қоса алғанда кәсіпорынды, ғимаратты немесе құрылысты салудың (қайта жаңғырту, техникалық қайта жарақтау және басқалар) инвестициялық жобасы элементтерінің кез келгені;

сараптау органы - Тараптардың нормативтік және құқықтық актілеріне сәйкес құрылыс жобасының барлық бөлігіне мемлекеттік сараптаманы (кешенді сараптаманы) жүзеге асыруға Тарап уәкілетті еткен мемлекеттік сараптау органы;

базалық сараптау органы - мүдделі Тараптардың сараптаушы органдарының өкілдерінен және сараптауға тартылған өзге де сарапшылардан тұратын мемлекетаралық сарапшылар тобын құруын және жұмысын қамтамасыз ететін сараптау органы.

2-бап

Аумағында құрылыс жобасы жүзеге асырылатын Тарап оның мемлекетаралық сараптама жүргізу туралы шешімді, соның ішінде, мемлекеттік сараптаманы жүргізу Тарап қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайлардан басқасында, мұндай сараптама жүргізу туралы екінші Тараптың жазбаша хаты болған кезде, өз бетінше қабылдайды.

Тараптардың аумағында құрылыс жобасын іске асыру кезінде мемлекетаралық сараптау объектісі мүдделі Тараптардың ортақ келісімімен белгіленеді.

3-бап

Тараптар құрылыс жобасының мемлекетаралық сараптамасын ұйымдастыруды және жүргізуді өздерінің сараптаушы органдары арқылы осы Келісімнің ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын Құрылыс жобаларына мемлекетаралық сараптама жүргізу тәртібі туралы ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

4-бап

Мүдделі Тараптардың сараптаушы органдары халықаралық сараптаманың әрбір объектісі бойынша халықаралық сараптама тобын құрады. Бұл кезде Тараптар үшін

өзара мүдделі саналатын құрылыс жобасын іске асыру көзделген аумақ Тарабының органы сараптаушы органы болып табылады.

Құрылыс жобасы екі және одан да көп Тарап аумағында іске асырылатын болса базалық сараптау органы мүдделі Тараптардың ортақ келісім бойынша белгіленеді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыруды үйлестіру және бақылау әр

Тараптардың шешімі бойынша Тараптардың құрылысты басқарудың орталық мемлекеттік органдарына немесе Тараптардың басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарына, сондай-ақ Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитетіне жыл сайын Келісімнің орындалу барысы туралы баяндама беріп тұратын Құрылыстық қызметтегі ынтымақтастық туралы үкіметаралық кеңеске жүктеледі.

6-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушы болып табылатын өзге де халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделетін, осы Келісімнің 9-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың құрылысты басқарудың орталық мемлекеттік органдарының консультациялары және келіссөздері жолымен шешілетін болады.

Келіссөздер жолымен даулы мәселелерді реттеу мүмкін емес кезде

Тараптар Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотына немесе басқа да құзыретті халықаралық сот орындарына жүгінеді.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап, ал оның күшіне енуі үшін заңдары мемлекет ішкі рәсімдерді орындауды қажет ететін мемлекеттер үшін депозитарийге тиісті хабарлау тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісім ол күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойы қолдануда болады. Осы мерзім өткеннен кейін, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, әр сайын бес жылдық кезеңге автоматты ұзартылып отырады.

11-бап

Әр Тарап депозитарийге 6 айдан кешіктірмей алдын ала ресми жазбаша хабарлау жіберіп, осы Келісімге өзінің қатысуын тоқтата немесе кідірте алады.

12-бап

Осы Келісім оның ережелеріне ортақтасатын өзге де мемлекеттердің қосылуына депозитарийге осындай қосылу туралы құжаттар тапсыру жолымен ашық болады.

1999 жылы 13 қаңтарда Саратов қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық

данада жасалды. Түпнұсқалық дана осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақтаулы.

Әзербайжан Республикасының Молдова Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін Түрікменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Украина Үкіметі үшін
Үкіметі үшін

Саратов 13.01.1999.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысушы мемлекеттері үшін өзара мүдделі
саналатын құрылыс жобаларының
мемлекетаралық сараптамасы туралы
1999 жылғы 13 қаңтардағы келісімге
қосымша

Құрылыс жобаларының мемлекетаралық
сараптамасын жүргізу тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттері үшін өзара мүдделі саналатын құрылыс жобаларының мемлекетаралық сараптамасы туралы Келісімнің (бұдан әрі - Келісім) ажыратылмас бөлігі болып табылады және осы Келісімге қатысушы мемлекеттер (бұдан әрі - Тараптар) аумағындағы Тараптардың сараптау органдары бірлесіп жүзеге асыратын құрылыс жобаларының мемлекетаралық сараптамасын белгілейді.

2. Ереже жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізудің әр мемлекетте қолданылып жүрген тәртібін сақтай отырып, олардың нормативтік және құқықтық актілеріне сәйкес объектілердің құрылыс жобасына мемлекетаралық сараптама жүргізу кезінде Тараптардың сараптау органдарының өзара қарым-қатынасын реттейді.

3. Мемлекетаралық сараптамаға екі және одан да көп Тараптардың мүддесін қозғайтын мынадай объектілерді:

екі және одан да көп Тараптардың аумақтары арқылы өтетін (труба құбырлары, автомобиль және темір жолдар, көпірлер, электр берілістік желілер) құрылыстар - желілік-созылған объектілерді;

қоршаған ортаға әсерлік есептік аймағы іргелес мемлекеттердің шекарасын қиып өтетін; Тараптардың біреуінің аумағында салынып жатқан (металлургиялық, химиялық, мұнайхимиялық, кәсіпорындар, сушаруашылық, әуе көлігі, радио коммуникациялық объектілер және басқалары) объектілер шекаралық объектілерді;

екі және одан да көп Тараптар инвесторларының қаражатымен салынып жатқан объектілер - бірлескен объектілерді;

бір немесе өзге де бірнеше Тараптардың қаражатымен Тараптардың біреуінің аумағында салынып жатқан объектілерді жобалаумен және салумен байланысты инвестицияларды негіздеу, техникалық-экономикалық негіздеу, оларды әзірлеуге жобалар мен тапсырмалар, құжаттардың басқа да түрлері.

Мүдделі Тараптардың келісуімен олар бойынша әр түрлі мақсаттардағы объектілерді салу көзделген шарттардың, келісімдердің және келісім-шарттардың жобаларының, және оларға тіркес сәйкес негіздемелердің (құжаттамалардың), сондай-ақ құрылыс саласындағы мемлекетаралық инновациялық бағдарламалардың жобаларына, оларға тіркес негіздеуші материалдардың және осы тармақта көрсетілген жобалар бойынша өзге де құжаттардың мемлекетаралық сараптамасын жүргізуге

рұқсат етіледі.

4. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген объектілер бойынша мемлекетаралық сараптамаға ұсынылатын материалдар тізбесі құжаттамалардың сәйкес түрлерін әзірлеу үшін белгіленген Тараптардың нормативтік талаптарымен белгіленеді. Тараптардың заңдарында көзделген жағдайларда қоғамдық талқылаудың материалдары ұсынылады. Объектілердің құрылысының жобасы үшін сонымен қатар:

Тараптардың аумақтарында қолданылатын жобалар және құрылыс салу жөніндегі нормалар мен ережелердің міндетті талаптарынан ауытқуларды белгіленген тәртіппен келісу;

Импорттық технологиялардың, жабдықтардың, материалдардың, конструкциялардың және бұйымдардың белгіленген тәртіппен сертификаттауын және техникалық куәлендіруін жүргізу міндетті.

II. Құрылыс жобаларының сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу

5. Құрылыс жобаларының мемлекетаралық сараптамасы үшін материалдарды тапсырыс беруші (мемлекетаралық сараптамаға материалдарды ұсынушы жеке немесе заңды тұлға) базалық сараптау органына 4 данада жолдайды.

6. Базалық сараптау органы сараптама процесінде тапсырыс берушіден мемлекетаралық сараптама жүргізу туралы қорытындыны әзірлеу үшін қажетті қосымша материалдарды сұратып алуға құқығы бар.

7. Базалық сараптау органына ұсынылған құрылыс жобаларының материалдары тіркеуге және жинақтылығына арналған тексеруге жатады.

8. Базалық сараптау органы аталған материалдарды тіркеген күнінен бастап 7 күннен аспайтын мерзімде мүдделі Тараптардың сараптау органдарымен олардың мемлекетаралық сараптама тобына қатысуын келіседі және тапсырыс берушіге:

ұсынылған материалдардың Тарап белгілеген талаптарға сәйкестігі кезінде - құрылыс жобасының мемлекетаралық сараптамасы жөніндегі жұмыстарды орындау туралы шартты;

ұсынылған материалдардың Тарап белгілеген талаптарға сәйкес еместігі кезінде толық көлемде қажетті материалдарды ұсынудың мерзімі туралы хабарлайды.

Базалық сараптау органы тапсырыс беруші қол қойған шартты және онда мемлекетаралық сараптама жүргізу үшін ескерілген төлемді жолдаған күнінен бастап 30 күн ішінде алмаған кезде немесе тапсырыс беруші базалық сараптау органы көрсеткен мерзімде сұратылған материалдарды ұсынбаса; мемлекетаралық сараптама жүргізілмейді және құрылыс жобасы жөніндегі барлық материалдар 7-күндік мерзімде тапсырыс берушіге қайтарылады.

9. Мемлекетаралық сараптаманы жүргізуді бастау және оның төлем жағдайлары

шартпен белгіленеді. Мемлекетаралық сараптама жүргізудің құны сараптамаға ұсынылған материалдардың көлемі мен сараптау объектісінің күрделілігі ескеріле отырып, сараптау жұмысының еңбек сыйымдылығына қарай тиісті нормативтердің негізінде белгіленеді. Сараптама жүргізудің ұзақтығы шартпен белгіленеді, алайда ол 3 айдан аспау тиіс.

Мемлекетаралық сараптама жасау процесінде қажет кезде оның құны мен жүргізу мерзімі (бұл кезде тапсырыс берушімен қосымша шарт жасалады), сондай-ақ мемлекетаралық сараптама жұмысына тартылған сарапшылардың саны мен мамандандырылуы өзгертілуі мүмкін.

10. Сараптаманың төленгендігін растайтын құжатты алғаннан кейін базалық сараптау органы:

мемлекетаралық сарапшы топты қалыптастырады және оның құрамын мүдделі Тараптардың мемлекеттік сараптау органының басшыларымен келіседі;

тапсырыс берушімен шартта көзделген жұмыс көлеміне және сараптама жүргізу құнына қарай мүдделі мемлекеттік сараптау органы өкілдерінің мемлекетаралық сараптамаға қатысуының хаттамасын даярлайды.

11. Мемлекетаралық сарапшы топтың құрамы мен ондағы өзгерістер аумағында объект құрылысын салу межелеген Тараптың құрылысты мемлекеттік басқарудың орталық органы басшысының шешімімен ресімделеді. Мемлекетаралық сарапшы топтың басшысы болып, әдетте, көрсетілген Тараптың мемлекеттік сараптама органының басшысы, хатшысы болып осы органның штаттағы қызметкері тағайындалады.

12. Мемлекетаралық сарапшы топтың басшысы мен хатшысы сараптаманы

ұйымдастырады және сараптаманың жүргізілуі мен мемлекетаралық сарапшы топтың жиынтық қорытындысын дайындауды қамтамасыз етеді, соның ішінде:

сараптаманың негізгі бағыттары бойынша сарапшылар құрамын қалыптастырады;

топ жұмысының күнтізбелік жоспарын жасайды;

сарапшыларға сараптама жүргізуге тапсырма әзірлейді;

сарапшыларға қосымша ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді;

қажет жағдайда құрылыс межелеген объекті орналасқан жерге сарапшылардың баруын ұйымдастырады;

топтың мәжілістерін өткізуді ұйымдастырады және осы мәжілістердің хаттамаларын ресімдейді.

13. Мемлекетаралық сарапшы топ сараптау объектісінің тараптардың нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларға сәйкестігін белгілейді, сараптау объектісін іске асыру кезінде Тараптар үшін болуы

ықтимал зияндардың алдын алу бойынша межеленген шаралардың жеткіліктілігін анықтайды.

14. Мемлекетаралық сарапшы топ ұйымдастырушылық мәжіліс өткізеді; одан кейінгі мәжілістерде:

сарапшылар жұмыстарының негізгі бағыттары белгіленеді;

сарапшыларға тапсырмалар және жұмыс тобының күнтізбелік жұмыс жоспары бекітіледі;

бағыттар бойынша сараптық қорытындылар дайындалады және бекітіледі;

мемлекетаралық сараптаманың жиынтық қорытындысының жобасы жасалады және қаралады.

15. Мемлекетаралық сарапшы топ мәжілістерінің нәтижелері оның басшысы және хатшысы қол қоятын хаттамалармен ресімделеді.

16. Мемлекетаралық сарапшы топтың қорытынды жобасына (оң немесе теріс) толық құрамдағы сарапшы топтың мүшелері қол қояды, бұдан кейін ол сарапшы топтың жиынтық қорытындысына айналады.

Сарапшы топтың жекелеген мүшелері дайындалған қорытындымен (немесе оның жекелеген ережелерімен) келіспесе олар "ерекше пікір" деген белгімен қол қояды. Ерекше пікірді сарапшы қорытынды жобасымен келіспеушілік себебінің негіздемесі бар құжат түрінде ресімдейді.

17. Мемлекетаралық сараптау тобы дайындаған жиынтық қорытындыда сараптау объектісін іске асыруға рұқсат ету (рұқсат етпеу) туралы негізделген байлам болуы тиіс

Оң қорытындыда сараптау объектісінің қойылған талаптарға сәйкестігі туралы байламдарды және оны бекіту (келісу) жөніндегі ұсынымды қосуы тиіс.

Теріс қорытындыда екі байлам болады:

мемлекетаралық сараптаманың жиынтық қорытындысында жазылған ескертпелер мен ұсыныстар бойынша сараптау объектісін жеріне жеткізу қажеттігі туралы;

сараптау объектісі қойылған талаптарға сәйкес келмейтіндіктен оны іске асыруға жол бермеу туралы.

18. Мемлекетаралық сарапшы топ дайындаған жиынтық қорытынды мүдделі Тараптардың құрылысты мемлекеттік басқарудың орталық органдары басшыларының келісуі бойынша құрылған базалық сараптау органы жанындағы құрылысты мемлекеттік басқарудың орталық органының басшысы бекітеді.

19. Жиынтық қорытынды жобасы жөнінде мемлекетаралық сараптау тобының мүшелерінің келіспеушілігі кезінде, құрылған базалық сараптау органы жанындағы құрылысты мемлекеттік басқарудың орталық органының басшысы:

топқа қосымша сарапшылар енгізу арқылы мемлекетаралық сараптаманы жалғастыру туралы;

келіспеушілік жөніндегі материалдарды Құрылыстық қызметтегі ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық кеңестің Жобалардың мемлекетаралық сараптамасы жөніндегі комиссиясына қарау үшін және олар жөнінде ұсыныстар дайындау үшін жіберу туралы шешім қабылдайды.

20. Мемлекетаралық сараптаманың жиынтық қорытындысы мемлекетаралық сарапшы топ бекіткеннен кейін аяқталған деп саналады.

21. Мемлекетаралық сараптама тобының жиынтық қорытындысы бекітілгеннен кейін 5 күн ішінде базалық сараптама органы тапсырыс берушіге және Құрылыстық қызметтегі ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық кеңестің Жобалардың мемлекетаралық сараптамасы жөніндегі комиссиясына жібереді.

22. Мемлекетаралық сарапшы топтың қорытындысы теріс болған жағдайда тапсырыс беруші осы қорытындыда айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескерумен оларды пысықтаған жағдайда материалдарды қайталама сараптамаға ұсынуға құқылы.

23. Мемлекетаралық сараптама тобының қорытындысымен келіспейтін құжаттарға тапсырыс беруші, өзге де мүдделі тұлғалар өзара келісушілік негізінде мүдделі Тараптардың ақырғы шешімін қабылдау үшін жанында базалық сараптау органы құрылған Тараптың құрылысты мемлекеттік басқарудың орталық органы басшысына және Құрылыс қызметіндегі ынтымақтастық жөніндегі

үкіметаралық кеңестің үкіметаралық жобалар сараптамасы жөніндегі комиссияға келіспеушілікті қарау және олар жөнінде ұсыныстар қабылдау үшін жүгінуге құқылы.

24. Құрылыс қызметіндегі ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық кеңестің Мемлекетаралық жобалар сараптамасы жөніндегі комиссиясы осы Келісімді іске асыруға қажетті нормативтік-әдіскерлік құжаттарды әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

Экономикалық Одақтың Мемлекетаралық экономикалық
комитеті Президиумының мәжілісі күн тәртібінің
II бөлімінің 2-тармағы бойынша
Украинаның ескертпелері

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттері үшін өзара мүдделі саналатын құрылыс жобаларының мемлекетаралық сараптамасы туралы келісім туралы"

1999 жылғы 13 қаңтар

"Дауларды ТМД-ң Экономикалық сотында қарауды қоспағанда".

Украинаның Вице-премьер-министрі,
МЭК Президиумының мүшесі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.